



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2018 жылғы 30 қарашасы

№ 383

Ақтөбе қаласы

город Актобе

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 297 «Ақтөбе қаласы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» шешімі күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына, 50-бабының 2-тармағына, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 20 наурыздағы № 139 және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № 272 «Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5901 болып тіркелген, бірлескен қаулысы және шешіміне сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 297 «Ақтөбе қаласы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-1-180 болып тіркелген, электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 02 сәуірінде жарияланған) шешімі күші жойылды деп танылсын.

2. «Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы шешімді Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрағасы**

Е. Татимов

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы**

С. Шынтасова

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Ақтөбе қаласы «Астана» ауданының Әділет басқармасы
Нормативтік құқықтық акті 10.12.2018
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 3-1-218 болып енгізілді

Результаты согласования

Акимат Актюбинской области - Председатель сессии ЕРЛАН АСКАРОВИЧ ТАТИМОВ, 05.12.2018 19:50:55,
положительный результат проверки ЭЦП
Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель управления Булат Жарасович Раскалиев,
07.12.2018 14:00:09, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Маслихат города Актөбе - Секретарь маслихата Сулупан Панаевна Шинтасова, 07.12.2018 14:41:28,
положительный результат проверки ЭЦП